**АЙТЫЛЫМ БӨЛІГІНІҢ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ (5 критерий)**

**1-тапсырма** (*Берілген сұрақтар бойынша өз ойын жеткізу*)

**Максималды балл:** 25 балл

| **1-Критерий: Ойын жеткізу деңгейі** | **Балл** |
|---|---|
| ▪ сұраққа жауап беру кезінде ойын еркін, жүйелі, айқын жеткізеді<br>▪ сөйлемдер логикалық жағынан бір-бірімен тығыз байланысқан<br>▪ ойы терең, мазмұнды, әсерлі<br>▪ ойын өрбітуде жүйелілік сақталады | **5 балл** |
| ▪ сұраққа жауап беру кезінде ойын анық жеткізеді<br>▪ сөйлемдер логикалық жағынан байланысқан<br>▪ жетекші сұрақтардың аясында ғана жауап береді.<br>▪ ойын өрбітуде бірізділік сақталады | **4 балл** |
| ▪ сұраққа жауап беру кезінде ойын жалпылама түрде жеткізеді<br>▪ сөйлемдер арасында логикалық байланыс болғанымен ойы шашыраңқы<br>▪ ойын өрбітуде бірізділік толық сақталмайды | **3 балл** |
| ▪ сұрақтарға жауап беру кезінде ойы айқын емес<br>▪ сөйлемдер логикалық жағынан бір-бірімен толық байланыспайды<br>▪ тақырыптан ауытқу байқалады<br>▪ ойын 2-3 сөйлеммен ғана жеткізеді | **2 балл** |
| ▪ сұраққа жауап беру кезінде ойын жеткізе алмайды<br>▪ логикалық байланыс жоқ, тақырыптан ауытқып кетеді<br>▪ ойын 1-2 сөйлеммен ғана жеткізеді | **1 балл** |
| ▪ мүлдем жауап бермеді | **0 балл** |

| **2-Критерий: Сөздік қорды пайдалануы** | **Балл** |
|---|---|
| ▪ лексикалық минимумдағы сөздер мен сөз баламаларын жоғары деңгейде қолданады<br>▪ тиісті сөздерді орынды қолданады, ойын еркін жеткізеді | **5 балл** |
| ▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды ортадан жоғары деңгейде қолданады<br>▪ кейбір өзге тілден енген (1-2) сөздерді жиі қайталау, жаттанды сөзді пайдалану кездеседі | **4 балл** |
| ▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды орта деңгейде қолданады<br>▪ жай сөйлемдермен ғана шектеледі<br>▪ кейбір өзге тілден енген (3-4) сөздерді орынсыз қолдану кездеседі | **3 балл** |

| | |
|---|---|
| ▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды ортадан төмен деңгейде қолданады<br>▪ ойын жеткізуде сөз баламаларын қолданбайды<br>▪ толымсыз жай сөйлемдерді жиі қолданады<br>▪ кейбір өзге тілден енген (6-10) сөздерді орынсыз қолдану кездеседі | **2 балл** |
| ▪ лексикалық минимумдағы сөздік қорды пайдалана алмайды<br>▪ ойын сөз тіркестері арқылы жеткізеді<br>▪ кейбір өзге тілден енген сөздерді қайталау жиі кездеседі | **1 балл** |
| ▪ мүлдем жауап бермеді | **0 балл** |

| **3-Критерий: Сөйлеу мәдениеті (тіл тазалығы, сөз дәлдігі, сөз анықтығы)** | **Балл** |
|---|---|
| ▪ сөйлеу мәдениетін, тіл тазалығын, әдеби тіл нормаларын толық сақтайды | **5 балл** |
| ▪ сөйлеу мәдениетін сақтайды<br>▪ тіл тазалығын, әдеби тіл нормаларын өзге тілден енген сөздерді (1-2 сөз) пайдаланады<br>▪ ойын жеткізуде кідіріс байқалады | **4 балл** |
| ▪ сөйлеу мәдениетін сақтауға тырысады<br>▪ тіл тазалығын, әдеби тіл нормаларын өзге тілден енген сөздерді (3-4 сөз) пайдаланады | **3 балл** |
| ▪ сөйлеу барысында тіл мәдениетінің заңдылықтары сақталмайды<br>▪ тіл тазалығын, әдеби тіл нормаларын өзге тілден енген сөздерді (5-7 сөз) орынсыз пайдаланады<br>▪ ойын жеткізуде көп кідіріс байқалады | **2 балл** |
| ▪ сөйлеу мәдениетін сақтамайды<br>▪ тіл тазалығын, әдеби тіл нормаларын өзге тілден енген сөздерді орынсыз пайдаланады (8-10 одан да көп сөз) | **1 балл** |
| ▪ мүлдем жауап бермеді | **0 балл** |

| **4-Критерий: Сөздің дұрыс айтылуы** | **Балл** |
|---|---|
| ▪ орфоэпиялық заңдылықты толық сақтайды | **5 балл** |
| ▪ орфоэпиялық заңдылықты сақтауда (1-2) қателіктер кездеседі | **4 балл** |
| ▪ орфоэпиялық заңдылықты сақтауда (3-4) қателіктер кездеседі | **3 балл** |
| ▪ орфоэпиялық заңдылықты сақтамайды<br>▪ төл дыбыстарды айтуда жиі қателеседі (5-7) | **2 балл** |
| ▪ төл дыбыстарды айтуда орфоэпиялық заңдылықты мүлдем сақтамайды (8-10 одан да көп сөз) | **1 балл** |
| ▪ мүлдем жауап бермеді | **0 балл** |

| 5-Критерий: Грамматикалық сауаттылығы, стилі | Балл |
|---|---|
| ▪ грамматикалық формаларды, сөздерді орынды қолданады<br>▪ сөйлемдерді дұрыс/сауатты қолдана алады күрделі құрылымдарды сауатты пайдалана алады<br>▪ диалект сөздер, стильдік қателер кездеспейді, тіл тазалығы толық сақталған | **5 балл** |
| ▪ грамматикалық тұлғаларды, сөздерді орынды қолданады<br>▪ жай және құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыра алады<br>▪ грамматикалық, стильдік қателер (1-2) кездеседі | **4 балл** |
| ▪ грамматикалық тұлғаларды жалпылама түрде қолданады<br>▪ жай сөйлемдерді құрастыруда қателіктер кездеседі<br>▪ грамматикалық, стильдік қателер (3-4) кездеседі | **3 балл** |
| ▪ грамматикалық тұлғаларды, сөздерді орынсыз баяу жеткізеді<br>▪ сөйлемдерді дұрыс құрастыра алмайды<br>▪ грамматикалық, стильдік қателер (5-7) кездеседі | **2 балл** |
| ▪ грамматикалық тұлғаларды, сөзді дұрыс таңдау, жеткізу деңгейі төмен<br>▪ сөз дәлдігі, айқындығы сақталмайды<br>▪ грамматикалық сауаты өте төмен<br>▪ стильдік қателер көп | **1 балл** |
| ▪ мүлдем жауап бермеді | **0 балл** |